

**Алибек Кыдырхожаевич Баймуратовтың диссертациясына
«Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында дәлме-дәл егіншілік
жүйесінде ашық қара-қоңыр топырақтағы қоректік заттардың
танапішілік өзгергіштігі» тақырыбында**
**6D080800 - «Топырактану және агрехимия» мамандығы бойынша
PhD доктор ғылыми дәрежесін алу үшін**

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Докторантурада оку процесінде ізденуші Ә.Қ.Баймұратов өзін жауапты және еңбекқор жас ғалым ретінде көрсетті. Оку үдерісін ойдағыдан еңсеріп, топырақтан және агрехимия кафедрасының жұмысына белсене қатысты. Айқын аналитикалық және ұйымдастыруышылық қабілеттеріне ие.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Баймұратов Әлібек Қыдырхожаұлының ғылыми-тәжірибелік қызығушылықтарымен тығыз байланысты, сондықтан диссертациялық зерттеу тақырыбын терең және мазмұнды ашуға мүмкіндік берді. Диссертация болашақта кездесетін түрлі стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған. Яғни, нарықта сұранысқа ие өнім өндіруді ұлғайту, халықтың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру және экспорттық әлеуетті дамыту бойынша нақты егіншілік туралы өзекті тақырыпта жазылған. Осы мақсатқа жету үшін ең алғаш болып республикамыздың оңтүстік-шығысында тыңайтқыштарды диференциалды қолдану технологиялары өзірленді, бұл дақылдардың ішкі өнімділігін теңестіруге, өнім сапасын жақсартуға, табиғи ортаның экономикалық жағдайын тұрақтандыруға ғана емес, сонымен қатар тыңайтқыштарды жүйелі қолдану мен топырақтың құнарлылығын негізгі агрехимикалық көрсеткіштер бойынша біртіндеп теңестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста техниканың (жоғары, орташа, төмен) дәрежесіне қарай шаруашылықтардың нақты егіншілік пен цифрландыру жүйесін қолдану үлгілері ұсынылған. Бұл еңбек өнімділігін кемінде 25 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Ғылыми жұмыстың жаңашылдығы ретінде ландшафттық жағдайларды егжей-тегжейлі қарастыру негізінде өзірленген агротехнологиялар барлық операциялардың нақты орындалуын қамтамасыз етеді және нақты агроэкологиялық бағыт бағдар береді.

Осындай күздік бидай бойынша зерттеулер республиканың оңтүстік-шығысында алғаш рет жүргізілуде. Соңғы уақытта Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында шығарылған өнімділігі жоғары күздік бидайдың отандық жаңа сорттарын (Әлия, Матай) қолдандық. Оларды салыстыру үшін Қазақстан Республикасының көптеген аймақтарында өндірісте кеңінен қолданылатын ресейлік сорттар алынды. Заманауи ғылыми жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа агротехнологиялар нарықта үлкен сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті өнім алу үшін ауылшаруашылығында тауар өндірушілердің үлкен сұранысына ие болары сөзсіз.

Диссертацияда ғылыми жаңашыл элементтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру тәртібі туралы ереженің талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында әдістемелік ережелер мен практикалық ұсыныстарды өзірлеуде мынадай ғылыми мақсаттар алға қойылды: Танапішінде ашық қара-қоңыр топырақтардың қоректік заттар мөлшерінің өзгергіштігін зерттеу және дәлме-дәл егіншілік жүйесінде күздік бидайға тыңайтқыштарды енгізу дің тиімді жүйесін өзірлеу.

Қашықтықтан жүргізілген зерттеулердің нәтижелері мен негізгі ережелері халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылып, оң бағасын алды. Баймұратов А.К. диссертациямен жұмыс істеу барысында жалпы саны 8 ғылыми мақала шығарды. Соның ішінде 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарға шықты және шетелдік конференцияларға 2 мақала жарияланды. Процентиль 45 көрсетікішпен Scopus деректер базасына енгізілген 1 мақала Agrivita журналында жарық көрді.

«Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында дәлме-дәл егіншілік жүйесінде ашық қара-қоңыр топырақтағы қоректік заттардың танапішілік өзгергіштігі» диссертациялық тақырыппен жұмыс істеу және қорғау барысында Баймұратов А.К. күрделі ғылыми мәселелерді жоғары кәсіби деңгейде шешуге өзін қабілетті маман ретінде көрсете білді және 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

**Қазақ егіншілік және өсімдік
шаруашылығы ғылыми зерттеу
институтының директоры,
а-ш.ғ.к., профессор, ҚазАШҒА академигі**

Ш.О. Бастаубаева